

рындағы емтихандар мен қорытынды сабақтарға әзірлік жұмыстарын кеңінен өрістетіп отыр.

Дегенмен, кейбір партия ұйымдары «әлі уақыт жетеді ғой» деген желеулермен арқаны кеңге салып, партия оқуы орындарында оқу жылын үлгілі аяқтауға әзірлік жұмысын қанағаттанғысыз жүргізіп отыр. Осының салдарынан бірсыпыра саяси мектептер мен үйірмелерде әлі де болса сабақтың кезінде өтпей қалуы немесе кейбір насихатшылардың сабаққа әзірліксіз келуі сыяқты төзгісіз фактілер кездесіп жүр. «Игілік» колхозындағы, Шағлы астық совхозындағы (Совет ауданы), № 45 мектеп пен қалалық жол құрылысындағы (қалада) саяси мектептер мен үйірмелер оқу программасын өтуде көп кейін қалды.

Осыған қарамастан кейбір аудандық комитеттер және қалалық партия комитеті кемшіліктерді дереу жою, сөйтіп, партия оқу жылын аяқтауға үлгілі әзірлену үшін мардымды жұмыс істемей отыр. Петропавл аудандық партия комитеті

даушыға тиісті көмек көрсетуді, сөйтіп, олардың саяси білімдерін көтеруде келе-лі жетістікке ие болуын қамтамасыз етуге міндетті. Қалалық, аудандық партия комитеттері насихатшыларға өткен материалдарды қайталау, қорытынды сабақтарды өткізу жөнінде жеткілікті көмек көрсетуге тиіс. Олар бұл міндеттерін теориялық, методикалық тақырыптарда лекциялар мен консультацияларды жоспарлы түрде ұйымдастырғанда ғана орындай алады.

Партия оқуы сыяқты, комсомолдың саяси оқуы орындарында да оқу жылын аяқтауға әзірлік басталды. Партия ұйымдары комсомолдың саяси оқу орындарында оқу жылын аяқтауға әзірленуде және қорытынды сабақтарды өткізуде комсомол ұйымдарына басшылық жасап, қажетті көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Коммунистер мен партияда жоқ кадрларымыздың маркстік-лениндік оқуына мейлінше жақсартып, партия оқуы орындарында емтихандар мен қорытынды сабақтарды өткізуге үлгілі әзірленейік!

—00—

СССР Министрлер Советінің Председателі

Иосиф Виссарионович СТАЛИН жолдасқа

МОСКВА, КРЕМЛЬ.

Қымбатты Сталин жолдас, менің алпыс жасқа толуыма байланысты шын жүректен құттықтағаныңыз үшін Сізге шын ықласпен алғыс айтамын. Поляк халқының бейбітшілік пен бостандықтың, бүкіл адамзат үмітінің тірегі — Совет Одағының қаһарман халықтарымен достық және туысқандық байланыстарын күн сайын нығайта беретіндігіне Сізді сендіруге рұқсат етіңіз.

Біріккен халықтық - демократиялық Польша барлық бейбітшілік сүйгіш халықтардың бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті сақтау және нығайту жолындағы Сіз бастап отырған қасиетті күресін нығайту үшін өзің күшін аямайды.

Болеслав БЕРУТ,

ВАРШАВА, 1952 жылғы 19 апрель.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

Н. ШВЕРНИК жолдасқа

МОСКВА, КРЕМЛЬ.

Менің 60 жасқа толуыма байланысты Сіздің соншалықты достық құттықтауыңыз үшін терең және шын жүректен жолдаған алғысымды қабыл алуыңызды өтінемін.

Болеслав БЕРУТ,

ВАРШАВА, 1952 жылғы 19 апрель.

Май мерекесі құрметіндегі социалистік

Озаттарға теңеліп келеді

Шағын двигателдер зауытының партия ұйымы өзінің алдына — бүкіл коллективтің стахановтық еңбек етуге жетісу жолындағы жарысын күшейте түсу міндетін қойып отыр. Партия - саяси және үгіт-бұқаралық жұмыстар пәрменді жүргізілген ұста - пресс, жөндеу - механикалық, құрастыру цехтарына коллективтік стахановтық еңбек цехтары деген атақ берілді. Бұл цехтарда жұмыс істейтін коммунистер Романов, Балашов, Карасев, Сильченко жолдасар еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарыстың бастаушылары және ұйымдастырушылары болды.

Ұста - пресс цехының комсомолецтері зор инициативалылық көрсетті. Москваның Сталин атындағы автомобиль зауыды жастарының бастамасына жауап ретінде цех комсомолецтері айына бір тоннаға дейін металл үнемдеп жүр. Цехтарда металды жылдамдатылған әдіспен кесу кеңінен енгізілген.

Бірақ, біздің заводтың жекелеген цехтарында көп уақытқа дейін елеулі кемшіліктер де орын алып келді. Механикалық, құю, құрал-сайман цехтарының жұмысшылары коллективтік стахановтық еңбек етуге жетісе алмай жүрді. Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыс бізде осы кемшіліктерді жою үшін зор мүмкіншіліктер бар екенін көрсетті.

Негізгі олжылығымыз — қолда бар экономикалық ресурстарымызды толық іске қоса алмағандығымызда болды. Ал, кәзір аталған цехтар барлық көрсеткіштер бойынша едәуір өрлеуге жетісіп, озаттарға теңеліп келеді. Сөйтіп, төрт айдың тапсырмасын мерзімінен 6—7 күн бұрын орындауға мүмкіншілік туып отыр.

С. ШАТУНОВ,

завод партия ұйымының секретары.



Электриші А. Гладуенко жолдас — Асанов МТС - дегі озат механизаторлардың бірі, ол нормасын үнемі артығымен орындайды.

СУРЕТТЕ: А. Гладуенко жолдас. Суретті түсірген А. Розенштейн.

ТОКАРЬ ЗОЛЬНИКОВ

Петропавл паровоз депосының токарі комсомолец Зольников — 1 Май құрметіндегі социалистік жарыстың таңдаулы озаты. Оның күнбе-күнгі көрсеткіштері жарыс күндерінде 310—320 проценттен ешбір кеміген емес.

Өз мамандығын жете меңгерген жас жұмысшы бұл күндері еңбек майданындағы табыстарын арттыра түсу үшін жаңалық әдістерді кең қолдану ісімен шұғылдануда.

Д. ӘБІЛҚАСОВ.

Ра

Петропавл паровоз депосының токарі Зольников — 1 Май құрметіндегі социалистік жарыстың таңдаулы озаты. Оның күнбе-күнгі көрсеткіштері жарыс күндерінде 310—320 проценттен ешбір кеміген емес.

Өз мамандығын жете меңгерген жас жұмысшы бұл күндері еңбек майданындағы табыстарын арттыра түсу үшін жаңалық әдістерді кең қолдану ісімен шұғылдануда.

Жылу заторлар түсуде. нализатор қосылды. Кулаев гіне көс өзі атап басқа ж береді. та есеп арқылы жы үне Дүние лық ын құрметін рінде ко честволь үстімізде торлық енгізу а мың сом міндетте ге асыр 2 ұсынб Жылу сы және заторлар рекесі қ түскен з сыйлықт лардың қ қоллауда.

Н көтере беру егізгі заңы

миллион
у ар-
сері бұ
риалдық
ер пар-
у және
у негі-
ы өндіру
к және
индуст-
рды, ал
ты үсті-
рқасында
і соғыс-
р асын
не хал-
ым жақ-
ы еңбек
карқын-
ды. Со-
өнеркәсіп
37 про-
кәсіп өні-
і еңбек
алынды.
халық
н және
сың ма-
дың өте
сабылады.
у жөнш-
асыра
жылы
миллиард

төлейтін салығы соғыстан бұрынғысынан еңбек есе көбеюімен ұштасып отыр. Кәзіргі АҚШ семьяларының төрттен үшінің күн көріске ең зәру керек дегені жетпейді. Оның ішінде 22,9 процент күн көріске керектің төрттен бірін, ал, 13,7 процент — сегізден бірін әрең дегенде тауып отыр.

Империалистік елдердегі еңбекшілердің өңсіз да ауыр тұрмыс халі жұмыссыздықтың көбеюімен тіпті қыйындап барады. Америка Құрама Штаттары мен Жапонияның әрқайсысында өңсіз миллионнан толық және жартылай жұмыссыздар бар. Англияда 600 мыңдай, Батыс Германияда 2 миллионнан астам, Италияда төрт миллиондай жұмыссыздар бар. Басқа капиталистік елдерде де сан миллион жұмысшылар жұмыс таба алмай тентіреп жүр. Капиталистік елдердегі жұмыссыздардың аянышты халін суреттей келіп, Сталин жолдас былай дейді:

«Олар күн сайын жұмыс сұрайды, жұмыс іздейді, қандай ауыр шартпен болса да жаңдануға дайын, бірақ, оларды жұмысқа алмайды, өйткені, олар «артық» адамдар. А.і, олар сондай күйге ұшырап тұрғанда капиталистер мен помещиктердің өздерін заманның еркесі деп білетін ұлдарының күпірленіп қырсықтануына бола орасан көп товар, азық ысырап болып жатыр. Жұмыссыздарға тамақ бермейді, өйткені, олардың тамаққа төлейтін ақшасы жоқ; оларға пәтер бермейді, өйткені, олардың пәтерге төлейтін ақшасы жоқ. Олар қайда тұрады, немен күн көреді? Олар байпатшалардың болар- болмас сарқытыя жеп күнелтеді, жуынды төгетін жәшік-

Егіншілерді медициналық қамтуды мейлінше жақсартайық

Колхозды ауыл-деревняда еңбек мүмкіншіліктерін дұрыс пайдалану үшін күрес дегеніміз — біріншіден, сырқат адамдардың, әсіресе, адамның еңбекке жарамдылығын кемітетін аурулардың болуына жол бермеу үшін күресу болса, екіншіден, еңбекке жарамды барлық колхозшылардың, оның ішінде балалы әйелдердің колхоз өндірісіне түгел тарту деген сөз.

Ауыл-село еңбекшілерін емдеу-профилактикалық жағынан қамту ісін жақсарту жұмысы тек қана медицина қызметкерлерінің күшімен ойдағыдай жүзеге асырылуы мүмкін емес. Сондықтан да бұл іске Қызыл Крест қоғамы ұйымдарын қатыстыру қажет.

Облысымыздың колхоздары мен МТС, совхоздарында 700-ден астам санитарлық постылар бар. Оның ішінде 450-ге жуығы тазалық сақтауға қажетті құрал-аспаптармен қамтамасыз етілген. Міне, бұлардың күшін көктемгі дала жұмыстары кезінде тазалық сақтау жұмыстарына дұрыс пайдалану керек. Санитарлық постылар бар жерде оларды дәрі-дәрмектермен толықтыру, ондайлар жоқ жерде жаңадан ұйымдастыру, сөйтіп, әрбір бригадала, дала қосында жедел жәрдем көрсету аптекалары болуын қамтамасыз ету қажет.

Колхоздарда санитарлық постылардың атқаратын ролі зор. Олар ауруларды анықтауда дәрігерлік қызметкерлерге көмектеседі, ересектер және балалар арасында іш ауруына қарсы күрес шараларын жүргізеді. Санитарлық постылар дала бригадаларында денсаулық, тазалық сақтау жұмыстарын жүргізеді, ауруларға жедел жәрдем көрсетеді.

Мектеп тәжірибе участогі

Октябрь ауданындағы Чапаев жетіжылдық мектебінің жанында бір гектарлық тәжірибе участогі бар. Онда түрлі жидек-жеміс және жабайы ағаштар, овощтар, дәнді дақылдар және басқа да өсімдіктер өсіріледі.

Жас миучуриншілер өз күштерімен солғы жылдар ішінде отырғызылған 2400 түп малина, 15 түп алма және 120 түп қарақат ағаштарын баптап күтуге кіріс-

Қызыл Крест қоғамының санитарлық постылары кәзір безгек ауруына қарсы күрес шараларын күшейтіп, бұл істе денсаулық сақтау орындары алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруға көмектесулері керек. Қызыл Крест активтері ауырған адамдарды участоттік дәрігерге хабарлауы, халық арасында тазалық сақтауды насихаттап отыруы қажет.

Ауылшаруашылық жұмыстары кезінде кездейсоқ апатқа ұшырағандарға және ауруға шалдыққандарға көмек көрсетуде Қызыл Крест активтері көп жұмыс істей алады. Олар мұндай жағдайларда жедел жәрдем көрсету арқылы аурудың тым ұзаққа созылып кетуінен сақтандырады. Сондықтан да бригадада, дала қосында ауруларға жедел жәрдем көрсету Қызыл Крест активтерінің аса маңызды міндегі болып саналады.

Сол сыяқты, Қызыл Крест активтері екі қабат әйелдерге көп көңіл бөліп, оларға қамқорлық көрсетіп отырулары қажет. Олар әрбір екі қабат әйелді колхоздағы әйелдер босанатын үйлерге немесе емханаға жеткізуде дәрігер мен акушеркаға көмектесуге, босанып жатқан әйелдің үй ішіне қамқорлық жасауға тиіс.

Балалардың ауру-сырқаудан аулақ болуы үшін колхоз балалар яслилерінің маңызы өте-өте зор. Әрбір колхозда балалар яслиін ұйымдастырумен бірге, оларда денсаулық-тазалық сақтау шараларының сақталуын қамтамасыз ету қажет.

М. НОВИКОВ.

Қызыл Крест қоғамы облыстық комитеті председателінің орынбасары.

Кореядағы оқыйғалар

**ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАВАРЫ**

ПХЕНЬЯН, 19 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін барлық майдандарда барлау қыймылдары және артиллериялық оқ атысулар жүргізілгендігін хабарлады.

Халық армиясының зенит артиллериясы бөлімдері және жау самолетін аңдып атушылар кеше мен бүгін бейбіт елді пункттерді бомбалауға және пулеметтен атқылауға қатысқан душпанның 6 самолетін атып түсірді.

Халық армиясының жағалаудағы қорғаныс бөлімдері Чхонжинь суларына екінші рет келген душпанның бір әсминенің мықтап қыйратты.

**ФРАНЦУЗ ОТАРШЫЛАРЫНЫҢ
АФРИКАДАҒЫ АЙУАНДЫҒЫ**

ПАРИЖ, 19 апрель. (СОТА). «Юманите» газеті француз отаршыл өкмет орындарының Африкада жасап отырған жантүршігерлік жана айуандық фактілері туралы хабарлайды. Әкімшілік орындарының сайлау кезіндегі опасыздығы салдарынан жергілікті билік органына РПФ кандидатының (деголльдік партия) сайлауына байланысты Чад көлі ауданындағы Бабалем деревнясы (экваторлық француз Африкасы) жергілікті халықтарының наразылық демонстрациясын ұйымдастыруын пайдаланып, өкмет орындары онда полиция мен жандармерияны жіберген. Жандармдар «тәртіпті қолдау» сылтауымен тұрғын адамдарға оқ жаудырған. Ақыры 14 адам өлген және 18 адам жараланған, тұтқынға алу жүргізілген.

«Юманите» газеті Кара Африкада демократиялық бостандықты қорғау Комитетінің француз отаршыларының жана қылмыстарына батыл қарсы шыққанын хабарлады.

**ФРАНЦУЗДАР АМЕРИКАН
ОККУПАЦИЯСЫН ТОҚТАТУДЫ**

